

## Маңғыстау облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 39/465 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 желтоқсанда № 4381 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 30 қыркүйектегі 2024 жылғы № 15/168 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 30.09.2024 № 15/168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексі) 591-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 10-бабының 1-тармағы 1-1) тармақшасына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері белгіленсін.

2. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ә.Қ. Дауылбаев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Маңғыстау облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Б.А. Қашақовқа жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы*

*Н. Ғұбашов*

*Н. Тумышев*

Маңғыстау облыстық мәслихатының

2020 жылғы 11 желтоқсандағы

№ 39/465 шешіміне

қосымша

**Маңғыстау облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері**

№	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Айлық есептік көрсеткішіндегі төлем мөлшерлемелері
1	2	3	4
1	Ғылыми мақсаттарда	адам-күн	0,1
2	Экологиялық ағарту мақсаттарда	адам-күн	0,1
3	Мәдени ағарту мақсаттарда	адам-күн	0,01
4	Оқыту мақсаттарда	адам-күн	0,01
5	Туристік мақсаттарда	адам-күн	0,1
6	Рекреациялық мақсаттарда	адам-күн	0,1
7	Шектеулі шаруашылық мақсаттарда	адам-күн	0,1